

БЕКІТЕМІН

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы-Ректоры
проф. Н.О. Дулатбеков
« 21 » 01 2022 ж.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша апелляция ұйымдастыру регламенті

1. Осы регламент білім алушыларды қорытынды аттестаттау шеңберінде апелляция ұйымдастыру тәртібін айқындайды және барлық факультеттер мен Академиялық жұмыс департаментіне қолданылады.

2. Емтихан сессиясы кезеңінде факультеттерде деканның төрағалығымен апелляциялық комиссиялар құрылады:

а) комиссия құрамына сессия пәндерін оқытуды қамтамасыз ететін кафедра оқытушылары қатарынан тәуелсіз сарапшылар кіруі тиіс;

б) апелляциялық комиссияның құрамы емтихан сессиясы басталғанға дейін 7 жұмыс күні ішінде Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі;

с) апелляциялық комиссияның құрамы туралы бұйрықты факультет декандарының ұсыныстары негізінде Академиялық жұмыс департаменті қалыптастырады.

3. Апелляциялық комиссияның міндеттеріне білім алушы өтінішінің негізділігін бағалау және келесі шешімдердің бірін қабылдау кіреді: «Емтихан балын көтеру», «Техникалық себептерге байланысты емтиханды қайта тапсыруға рұқсат беру», «Қабылдамау».

4. Апелляция беру себептері сұрақтар мен тапсырмалардың дұрыс емес мазмұнына, тестілеу бағдарламасының техникалық іркілістеріне, емтихан алушы тарапынан Әдеп нормалары кодексiнің бұзылуына байланысты болуы мүмкін.

5. Апелляцияның бастамашысы білім алушы болып табылады, ол емтиханда алған бағасымен келіспеген жағдайда келесі әрекеттерді орындауы тиіс:

а) емтихан нәтижелерін алған күні факультет деканатына Жеке кабинетте орналастырылған нысан бойынша апелляция туралы өтініш беру;

б) өтініште емтиханда алған бағасымен келіспеу себебін көрсету;

с) келесі жұмыс күні ішінде апелляциялық комиссияның шешімін күту.

6. Апелляциялық комиссияның әрекеттері:

а) білім алушының өтінішін тіркеу;

б) білім алушының өтінішін келесі жұмыс күні ішінде қарау және осы регламенттің 3-тармағына сәйкес негізді шешім қабылдау;

с) қабылданған шешімді білім алушының назарына жеткізу. Білім алушыны уақтылы хабардар етуге апелляциялық комиссияның төрағасы жауапты болады;

д) қабылданған шешімді еркін нысандағы хаттамада және белгіленген нысандағы апелляциялық ведомосте көрсету;

е) оқу жетістіктерінің электрондық базасына енгізу үшін толтырылған ведомості Тіркеуші кеңсеге жолдау;

ф) емтихан бағасын арттыра отырып қайта тапсыруға байланысты қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау.

6. Осы регламентке өзгерістер енгізу университеттің академиялық еркіндік шекарасындағы рәсімдерді жетілдіру мақсатында Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректормен келісілгеннен кейін немесе білім алушыларды қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша ҚР БҒМ жаңа талаптар енгізуіне байланысты Академиялық жұмыс департаментінің бастамасымен жүзеге асырылады. Өзгертілген регламентті университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры бекітеді.